

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2002 жылы 8 ақпанда N 431 тіркелген) "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2004 жылғы 19 мамырдағы N 3/424 қаулысы.  
Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 27 мамырда N 602 тіркелді

*Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы*  
*N 5 / 8 7 0 қ а у л ы с ы м е н .*

---

Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 37-ші бабы мен 2001 жылы 17 шілдедегі N 246-ІІ "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңына сәйкес Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" қаулысымен (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2002 жылы 8 ақпанда N 431 тіркелген, 2002 жылы 23 ақпанда N 15 "Вечерний Алматы" N 21 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан) бекітілген, халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар құрамына (2002 жылы 11 қыркүйекте N 71 "Вечерний Алматы" және 2002 жылы 7 қыркүйекте N 100 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан 2002 жылы 19 шілдедегі N 3/470 қаулысы (2002 жылы 01 тамыздағы тіркеу N 462), 2002 жылы 11 желтоқсанда N 97 "Вечерний Алматы" және 2002 жылы 12 желтоқсанда N 140 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан 2002 жылы 13 қарашадағы N 5/724 қаулысы (2002 жылы 28 қарашадағы тіркеу N 489), 2003 жылы 12 шілдеде N 107-109 "Вечерний Алматы" және 2003 жылы 26 маусымда N 71 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан 2003 жылы 26 мамырдағы N 2/319 қаулысы (2003 жылы 18 маусымдағы тіркеу N 534), 2003 жылы 15 қазанда N 161 "Вечерний Алматы" және 2003 жылы 14 қазанда N 115 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан 2003 жылы 17 қыркүйектегі N 4/535 қаулысы (2003 жылы 26 қыркүйектегі тіркеу N 552) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Әуезов аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:

Саттарова Гүлнар Рахымқызы - Әуезов аудандық білім беру бөлімінің бас маманы ;

осы құрамнан шығарылсын :  
Н . Ж . Ш а й м а к о в ;

2) Бостандық аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:  
Райхан Айдарқызы Мырзалиева - аудандық "Ұстаз" кәсіподақ комитетінің төрағасы ,

Шәріпхан Исажанұлы Матаев - аудандық ішкі істер басқармасының орынбасары ,

Қалиулла Халықұлы Халықов - Мәслихат депутаты, соттық үкімет және қылмыс процесі кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінің профессоры;

осы құрамнан шығарылсын :

Тажиев Е.Б., Маткенов Т.С., Исина Б.А.;

3) Медеу аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:  
Айгүл Оразқызы Қалықова - Медеу аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау орталығы бастығының орынбасары;

осы құрамнан шығарылсын :

Сүлейменов Б.К., Таикпанов Р.Т.

2. Алматы қаласы әкімшілігінің 2004 жылы 7 сәуірдегі N 2/298 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң Ә к і м і

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы әкімшілігінің  
2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80  
"Халыққа мемлекеттік атаулы  
әлеуметтік көмек көрсету бойынша  
учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені  
бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу  
туралы " 2004 жылы 19 мамырдағы  
қаулысына келісім парағы

Е н г і з е д і :

Алматы қаласының еңбек,  
жұмыспен қамту және

халықты әлеуметтік қорғау  
Департаментінің бастығы А.Нұрланов

**К е л і с і л д і** :

Алматы қаласы әкімінің  
орынбасары А.Бижанов

**Заң бөлімі** Р.Исабаева

**Ж і б е р і л с і н** :

Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментіне,  
Әуезов, Бостандық, Медеу аудандарының әкімдеріне

**Хаттама бөлімінің меңгерушісі** М.Құлсейітова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК